

Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Қармақшы аудандық орталық ауруханасының 2016-2020 жылдарға бағытталған стратегиялық жоспары.

Мазмұны.

1. Жоспардың төлқұжаты
2. Кіріспе
3. Ағымдағы жағдайды талдау
4. Жоспарды іске асырудың мақсаты. Міндеттері. Нысаналы индикаторлары және нәтижелерінің көрсеткіштері.
5. Жоспардың негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар.
6. Қажетті ресурстар.

1. Жоспардың төлқұжаты

Жоспардың атауы. Амбулаториялық –емханалық қызметі бар Қармақшы аудандық орталық ауруханасының 2016-2020 жылдарға бағытталған стратегиялық жоспары

Әзірлеу үшін негіз. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтаусаласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған “Денсаулық” мемлекеттік бағдарламасы.

Жоспады әзірлеуге жауапты

ұйымдар. Амбулаториялық –емханалық қызметі бар Қармақшы аудандық орталық ауруханасына жоспарды іске асыруға амбулаториялық емханалық қызметі бар жауапты ұйымдар.

Жоспардың мақсаты. Тұрғындардың денсаулығын қорғаудың тиімді және орнықты жүйесін дамытуды қамтамасыз ету.

Міндеттері. 1. Санитарлық әл-ауқатты, қауіп факторларының профилактикасын қамтамасыз ету, дұрыс тамақтануды насихаттау мен саламатты өмір салтын ынталандыру негізінде тұрғындардың денсаулығын нығайту.

2. Медициналық қызмет көрсетудің қолжетімділігін, тұтастығы мен сапасын қамтамасыз ету.

Іске асыру мерзімі: 2016-2020 жылдар

Нысаналы индикаторлар: 2021 жылға қарай аудан тұрғындарының күтіліп отырған өмір сүру ұзақтығы 73 жасқа дейін ұлғаюы. Аудан халқының жалпы өлім-жітімінің 2010 жылғы деңгейден 30%-ға төмендеуі.

Аудан тұрғындары арасында ана өлімін болдырмау.

Туберкулезден болатын өлім-жітімнің 100 мың адамға шаққанда 3,8-ге дейін төмендеуі.

Қаржыландыру көздері мен көлемі: 2016-2020 жылдарға арналған Республикасының, жергілікті бюджет қаражаты.

Кіріспе:

Денсаулық сақтау.

Ауданда Саламатты Қазақстан мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың нәтижесінде сонымен қатар денсаулық сақтау ұйымдары мен басқару органдарының қызметінде кейбір көрсеткіштерге қол жеткізді. Қармақшы ауданы бойынша халықтың өмір сүруі ұзақтығы 71 жасқа өскен 2011жылғы 66 жас ал 2014 жылы (Облыс бойынша-69жас).

Қармақшы ауданы бойынша 2015жылы 1қаңтарына халық саны 53,8 мың адамды құрады және 2013жылдың 1қаңтарымен салыстырғанда (52,7)мың адам 102,1пайызға өскен. Бұл көрсеткіш сонымен қатар ауданда туу көрсеткішімен байланысты: 2012жылы 1000адамға шаққанда 24,8 дан 2014жылы 1000адамға шаққанда 25,0-ға дейін өскен немесе 0,8пайыз.

Аудан бойынша өлім жітім деңгейі 2014жылы (1000тұрғынға шаққанда) 6,19 құрады, облыс бойынша орташа көрсеткіш-6,10. Өлімнің басты себептерінің бірі қан қан айналым жүйесі аурулары болып табылады.

Қармақшы ауданы бойынша 2012-2014жылдары 1000 туылғанға өлім жітім деңгейі

Аудан	Өлу көрсеткіші			Сәби өлімі		
	2012жыл	2013жыл	2014жыл	2012жыл	2013жыл	2014жыл
Қызылорда облысы	6,57	6,01	6,10	18,75	14,37	12,01
Қармақшы ауданы	7,27	6,42	6,35	23,05	18,32	14,05

Сәби өлімі 1000 тірі туылғанға тұрақсыз 9,0 дан 14,0 дейін. Аудан ішінде ең жоғары көрсеткіш Қармақшы ауданы болып отыр.

Ауданда ана мен бала өлімін азайту үшін шұғыл шешім қабылдайтын өңірлік штаб жұмыс жасайды. Сонымен қатар антенатальды тууға дайындау және нәрестелерге реанимациялық көмек көрсетуде мамандарды оқытуға республикалық және халықаралық тренерлер мен ұстаздарды шақырту жұмыстары үздіксіз жүргізілуде. Тұрақты түрде критикалық жағдайдағы жүкті әйелдерге, туған әйелдер және 14жасқа дейінгі балалардың үздіксіз мониторингі жүргізілуде. Нәрестелерді, жүкті әйелдерді скринингтік зерттеулерден бөлек, 2011жылы бірінші рет қант диабеті мен артериалды гипертензия ауруын анықтау да скринингтік зерттеулер жүргізілуде. Әйелдердегі сүт безі кінәраттарын ерте сатыда анықтау мақсатында жылжымалы мамограф алынып тексеру жұмыстары жалғасуда. Осындай жаналықтардың арасында сапалы және қол жетімді медициналық қызметтер көрсету жасара түсті, қатерлі ісік ауруының асқынған сатыда анықталуы бәсеңсіді. Соңғы 3жылда аудан бойынша ана өлімі болған жоқ.

Қармақшы ауданы бойынша халықтың жалпы өлім құрылымында көп жылдар бойы қан айналым жүйесі ауруы бірінші орынды алса, ал екінші орынды қатерлі ісік ауруы, үшінші орынды тыныс алу мүшесінің ауруы құрап отыр.

Ауруларды ерте анықтау, алдын алу мақсатында тұрғындардың мақсатталған топтарына скринингтік зерттеу шаралары жыл сайын өткізілуде.

Аудан бойынша 3 аурухана, аудандық емхана, 1 селолық емхана, 9 дәрігерлік амбулатория , 2 ФАП, бмедициналық пункт жұмыс жасайды.

Аудан тұрғындарына медициналық қызмет көрсететін медицина қызметкерлерінен дәрігерлер-92, орташа медициналық қызметкерлер саны-439.

Ауданның әрбір 10000 тұрғынға шаққанда дәрігерлер қамтылуы 17,1 болса, орта буын медицина қызметкерлері 81,6.

Тұрғындардың денсаулығын жақсарту мақсатында 2013-2014 жылдарға арналған денсаулық сақтау “Жол картасы” бекітілді. “Жол картасы” бағдарламасы ана мен бала өлімі, онкологиялық аурушандылық мәселелерінің шешуде нақты іс-шаралар жоспары қамтылған.

Саладағы қабылданған жүйелік шаралар аясында ауданда туберкулездің негізгі эпидемиологиялық көрсеткіштері тұрақтануы байқалады. Дегенмен, ауданда туберкулездің аурушандық көрсеткіші 2012 жылы 100 мың халыққа шаққанда 55,1-ден 2014 жылы 100 мың халыққа шаққанда 48,3-ке немесе 12,4-ке төменденген.

Туберкулез аурушандығының жоғары деңгейде қалуының негізгі факторларына – облыс халқының санитарлық мәдениетінің төмендігі, әрі кеш анықталуына байланысты болып отыр.

Қармақшы аудандық туберкулезге қарсы күрес диспансерлері туберкулездің созылмалы түрімен ауыратын науқастарды емдеуге қайта жасалған (перепрофилирован).

Қан айналым жүйесінің аурулары жылдан жылға өсе түсуде. 2014 жылы аурушандық көрсеткіші 10 мың тұрғынға шаққанда 821,3 болса, ал 2015 жылдың осы мезгілінде 903,9 өсуде. Қан айналым жүйесінің ауруларының өсуінен тұрғындар арасында осы аурудан қайтыс болғандар саны 2014 жылы 42 болса, ал 2015 жылдың салыстырмалы уақытында қайтыс болғандар саны 75-ге дейін көтерілген.

Облыстың қатерлі ісік аурушандығы мен өлім жетім көрсеткіштерін салыстырғанда ең жоғарғы көрсеткіш Қармақшы (195,1 және 127,6). Өсудің негізгі себебі науқастардың асынған сатысында қаралуы болып табылады.

Амбулаторлық деңгейде тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде аудан халқын тегін дәрілік заттармен қамтамасыз ету мақсатында 2014 жылы дәрілік заттарды қажет ететін тұрғындардың 100% қамтылды.

Аудандық денсаулық сақтау саласында әсіресе елді мекен тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсетуде жоғары білімді маман дәрігерлерінің тапшылығы сезілуде.

Салауатты өмір салтын насихаттау барысында темекі шегудің алдын алу заңдылықтарын сақтап және әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу мақсатында белсенді ақпаратты – коммуникациялық жұмыстар жүргізілуде және барлық қазақстандық қағамдастықты салауатты өмір салтын қалыптастыруға тарту секторларының қарым-қатынасын жақсарту жұмысы қолға алынды.

Басым бағыты (S)	Әлсіз бағыты (W)
1. Халықтың өмір сүру ұзақтығының жоғары болуы орта республикалық көрсеткіштен жоғары	1. Халық денсаулығына аймақтағы экологиялық жағдайлардың әсері;
2. Демографиялық көрсеткіштердің жақсаруы: нәресте өлім-жітімінің төмендеуі, орта республикалық деңгейден төмен болуы, туу көрсеткішінің жоғарлауы;	2. Медициналық кадр жетіспеушілігі және біліктілік деңгейінің төмен болуы;
3. Халыққа медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде түрлері бойынша жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуінің қолжетімділігінің	3. Әлеуметтік маңызы бар аурулар деңгейінің жоғарлауы;
	4. Туберкулездің аурушандық көрсеткіші жоғары деңгейде болуы.
	5. Медициналық көмек сапасының төмен болуы;
	6. Денсаулық сақтау ұйымдарының жабдықталу деңгейінің жеткіліксіздігі:

жақсаруы; 4. Аудандар бойынша АИТВ инфекциясының аз тіркелуі.	
Мүмкіндіктер(О)	Қауіптер(Т)
<ol style="list-style-type: none"> 1. Денсаулық саласында, оның ішінде ауылдық елді мекендерде жоғары квалификациялы мамандарды тарту арқылы сала қызметінің сапасын жақсарту; 2. Аурушандық деңгейін азайту мақсатында аймақтың экологиялық жағдайын жақсарту; 3. Көрсететін медициналық қызметтің сапасын жақсарту, денсаулық сақтау мекемелерін жарықтандыруын жоғарлату үшін денсаулық сақтау саласын қаржыландыруды кеңейту. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Денсаулық сақтау ұйымдарының материалды-техникалық базасын төмендігі мен дәрігерлік кадр тапшылығының деңгейінен халыққа медициналық қызметтің толық емес және сапасыз көрсетілуі; 2. Экологиялық жағдайдың нашарлауы әлеуметтік маңызы бар аурулар деңгейінің жоғарлауына әкелуі:

Саланың негізгі мәселелері:

Ауданда халықты денсаулығын қорғау саласы бойынша белсенді тенденциялар байқалады: халықтың өлім жетімінің төмендеуі байқалады, демографиялық көрсеткіштерінің жақсаруы, халыққа көрсетілетін медициналық қызмет түрлерінің сапасы мен қолжетімділігі.

Сонымен қатар , көкейкесті мәселелері болып :

Халықтың денсаулық жағдайына әсер ететін аймақтың экологиялық жағдайының қолайсыздығы.

Халықтың әлеуметтік маңызы бар аурумен әсіресе туберкулезбен ауыратын жоғары деңгейдегі аурушандық;

Көрсетілетін медициналық қызмет сапасының жетімсіздігі;

Кадрлық сұрақтардың шешімін таппағандағы (медициналық кадрлар біліктілігі деңгейінің жеткіліксіздігі мен тапшылығы).

Денсаулық сақтау ұйымдарында материалды-техникалық жабдықтау деңгейінің жеткіліксіздігі;

Халықтың өз денсаулығына деген жауапкершілігінің төмендігі.

3. Ағымдағы жағдайды талдау
4. Жоспарды іске асырудың мақсаты, міндеттері , нысаналы индикаторлары және нәтижелерінің көрсеткіштері

Мақсаты: Тұрғындардың денсаулығын қорғаудың тиімді және орнықты жүйесін дамытуды қамтамасыз ету.

Міндеттері **1.** Санитарлық әл-ауқатты, қауіп факторларының профилактикасын қамтамасыз ету, дұрыс тамақтануды насихаттау мен саламатты өмір салтын ынталандыру негізінде тұрғындардың денсаулығын нығайту.

2. Медициналық қызмет көрсетудің қолжетімділігін , тұтастығы мен сапасын қамтамасыз ету.

Қойылған міндеттерге қол жеткізу келесі нысаналы индикаторлармен өлшенетін болады.

Мақсатты индикаторлар:

№	Индикаторлар, көрсеткіштер атауы	Бірл.	1кезең			2кезең		Жауапты атқарушы
			2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Тірі туылғандардың 1000 шаққандағы нәресте өлімі (2015ж-11,4)	1000 шаққандағы тірі туылғандар	11,3	11,1	10,9	10,5	10,3	Аудандық денсаулық сақтау ұйымдары

Міндет 1. Әйел мен баланың денсаулығын нығайту

№	Индикаторлар, көрсеткіштер атауы	Бірл.	1кезең			2кезең		Жауапты атқарушы
			2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Ерте сатыдағы сүт безі қатерлі ісіктің (рак) өсуін анықтау (2010ж-66,6)	%	67,0	67,2	67,5	67,7	68,0	Қармақшы аудандық емхана
2	Ерте сатыдағы жатыр мойнында қатерлі ісіктің өсуін анықтау (2015ж-66,5)	%	70,0	70,5	71,0	71,5	72	Қармақшы аудандық емхана
3	12 апта мерзімдегі жүктілікті есепке алуда, әйелдердің үлес салмағының ұлғаюы (2015ж-80,2)	%	81,0	83,0	86,0	88,0	90,5	Қармақшы аудандық емхана
4	Жүкті әйелдер мен балаларды амбулаторлық деңгейде тегін препараттарымен қамтамасыз етуді 100%-ға жеткізу 2015ж-100,0	%	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	Қармақшы аудандық емхана
5	Туа біткен ақаулар дамуының үлес салмағының төмендеуі 2015ж-0,8	1000 балаға шаққандағы	0,8	0,6	0,5	0,4	0,03	Аудандық денсаулық сақтау ұйымдары
6	Пневмониядан сәбилер өлімінің төмендеуі өңірлер үшін кезеңдік кеңеюлерімен 2015ж-2,5	1000-ға шаққанда	2,4	2,4	2,3	2,2	2,2	Аудандық денсаулық сақтау ұйымдары
7	Тек қана емшек сүтімен	%	95,5	96,0	96,5	96,5	97,0	Қармақшы аудандық

	коректенетін 6 айлыққа дейінгі сәбилер үлесінің артуы 2015ж-25,0							емхана
8	Бала өлімінің тұрақтануы мен төмендеуі тірі туылғандардың 1000-ға шаққандағы 0-ден 5 жасқа дейін 2015ж-24,0	Тірі туылғандардың 1000-ға шаққандағысы	24,0	23,5	23,0	22,0	21,0	Аудандық денсаулық сақтау ұйымдары

Міндет 2. Әлеуметтік мәні бар ауру зардаптарын төмендету

№	Индикаторлар, көрсеткіштер атауы	Бірл.	1кезең			2кезең		Жауапты атқарушы
			2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Қан айналымы жүйесіндегі өлім, 100мың тұрғынға шаққанда 2015ж-171,6	100 мың тұрғынға шаққанда	171,0	170,8	170,5	170,0	169,5	Қармақшы аудандық емхана
2	Қатерлі ісік аурулары өлімі ,100мың тұрғынға шаққанда 2015ж-108,3	100 мың тұрғынға шаққанда	108,0	107,5	107,0	106,5	106,0	Қармақшы аудандық емхана
3	Бақытсыз жағдайдан, жарақаттар мен уланудан өлім, 100 мың тұрғынға шаққанда 2015ж-9,6	100 мың тұрғынға шаққанда	9,5	9,3	9,0	9,0	8,6	Қармақшы аудандық емхана
4	Туберкулез өлімі , 100 мың тұрғынға шаққанда 2015ж-1,9	100 мың тұрғынға шаққанда	1,9	1,7	1,7	1,5	1,5	Қармақшы аудандық емхана
5	Жалпы тұрғындар санынан 30пайыздан кем емес скрининг тексерулерін қамтамасыз етумен 2015ж-30,0	%	33,6	34,2	34,6	34,9	35,3	Қармақшы аудандық емхана
		адам	18000	18300	18500	18700	18900	
6	Қан айналым жүйесіне (артериалдық гипертензия,	%	9,4	9,4	9,4	9,4	9,4	Қармақшы аудандық емхана

	жүректің ишемия аурулары) скринингті тексерулер жүргізу 2015ж-4959	адам	5034	5040	5045	5050	5060	
7	Эндокриндік ауруларды анықтау скринингті қант диабеті 40жастан жоғары 2015ж-4959	%	9,4	9,4	9,4	9,4	9,4	Қармақшы аудандық емхана
		адам	5034	5040	5045	5050	5060	
8	Глаукоманы анықтауға скрининг, 40жастан асқан тұлғалар емхана-амбулаториялық мекемеге бірінші каралғандар 2015ж-3962	%	10,1	10,1	10,1	10,1	10,1	Қармақшы аудандық емхана
		адам	5405	5410	5415	5420	5425	
9	Тегін және дәрілік препараттармен қамтамасыз етілген әлеуметтік мәні бар науқастардың үлес салмағының ұлғаюы 2015ж-100,0	%	100	100	100	100	100	Қармақшы аудандық емхана
10	15-49 жас топтар арасындағы ВИЧ инфекциясының таралуын азайту 2015ж-0,01	%	0,5	0,5	0,4	0,3	0,2	Қармақшы аудандық емхана

Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету жолдары:

Қайта даярлау факультетінің медицина қызметкерлерінің базасының біліктілігін жоғарлату және медициналық кадрлардың біліктілігін 5жылда бір рет жоғарлату.

Денсаулық сақтау мекемесінің материалды-техникалық базасын нығайту, соның ішінде: шалғайдағы ауылдық жерлердегі науқастарға диагностика жүргізу үшін амбулаториялық жылжымалы диагностикалық кешендер ұйымдастыру, жол көлік оқиғасы жағдайларда дер кезінде көмек көрсету үшін реанимобилдермен қамтамасыз етуге ұсыныс беру.

Медициналық көмек сапаларын көтеру (диагностикалық және емдеу протоколдарына сәйкес).

Жоғары мамандалған жаңа диагностикалық емдеу әдістерін медициналық тәжірибелерге енгізу.

Қан айналым аурулар жүйесінен аудандық тұрғындарын мүгедектік және өлімнен азайтуды жүзеге асыру.

Әлеуметтік маңызы бар науқастарға диспансеризациялауды күшейту, жеңілдік дәрілік препараттармен қамтамасыз ету.

Артериалды гипертензияның жүректің ишемия ауруымен ауыратын науқастарды тегін дәрежесінен дәрілік препараттарға 100пайызға қамтамасыз ету.

Аудандық емханадағы кардиолог дәрігердің белсенділігін арттыру.

Маммографиялық және цитологиялық скринингтерді дер кезінде жүргізу.

Тұрғындармен дер кезінде медициналық көмек көрсету сұрақтары бойынша санитар –ағарту жұмыстарын жүргізу.

Стационарлы және амбулаторлық емдеуде онкологиялық науқастарды тегін дәрі дәрмектермен 100пайызға қамтамасыз ету.

Туберкулез науқастарды дәрілік сезгіштіктерге 100 пайыз тексерулерден өткізуді қамтамасыз ету.

Туберкулез науқастарды емделу үшін арнайы режим сақтау жағдайларын қамтамасыз ету.

Сүйемелдеу сатысында емді үзбеуді қамтамасыз ету.

Флюорографиялық тексерулермен қауіпті топтар арасынан туберкулездерді ерте дер кезінде анықтауды қамтамасыз ету.

Дер кезінде балаларды туберкулез инфекциясының ошағынан оқшаулау мақсатында балабақшаларда күндіз-түнгі санаторлық типтегі балабақшасының жұмысын жандандыру.

Туберкулез науқастарын сүйемелдеу сатысында әлеуметтік көмек көрсету есебімен көлемін кеңейту.

Бір рет қолданылатын шприцтер, презервативтер таратуға анонимді консультация кабинеттерімен арнайы орындар жүйесін кеңейту.

Тұрғындарды ЖҚТБ жолдарының жұғуын ақпаратты-оқыту материалдарымен хабарлауды, арттыру, айлықпен он күндікті өткізу.

Тұрғындардың ВИЧ-ке анонимді тестілеуге және консультацияларға қол жеткізулеріне қамтамасыз ету.

15-49жас арасындағы тұрғындардың ВИЧ-ке анонимді тестілеуімен консультацияларын 25 пайызға толық жеткізу.

ВИЧ-инфекция жұқтырған адамдарды антиретровирустық терапияға қол жетерліктей қамтамасыз ету.

ВИЧ-тің тікелей жұғу жолдарын қан құюдың алдын алуын өткізу.

Бас бостандығынан айыру орнынан босатылған адамдарды ВИЧ жұқпалығынан алдын алумен және әлеуметтік бағдарламаларды тіркеу бойынша қамтамасыз ету. ҮЕҰ жобасының әлеуметтік маңыздылығында бас бостандығынан айыру орындары ВИЧ/СПИД сұрақтары бойынша іске асыру.

Зиянды жағдайларда жұмыс жасайтын жұмысшыларды медициналық тексерулерден өткізу сапасын кеңейту жабдықтар мен аспаптарды сатып алу , профпатолог-дәрігерлердің біліктілігін жоғарлату.

Республикалық бюджеттен қосымша трансферттер мақсатында осы индикаторлар орындалады.

Міндет 3. Салауатты өмір салтын дамыту.

№	Индикаторлар, көрсеткіштер атауы	Бірл.	1кезең			2кезең		Жауапты атқарушы
			2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Тұрғындар арасында темекі тұтатындардың таралуы 2015ж-19,8	%	19,5	19,2	19,0	18,7	18,5	Аудандық денсаулық сақтау ұйымдары
2	Тұрғындар арасында маскүнемдердің таралуы2015ж-14,0	%	14,0	13,8	13,5	13,0	13,0	Аудандық денсаулық сақтау ұйымдары
3	Жастар арасында салауатты өмір салтын денсаулық орталығы , жастар жүйесі арқылы толық насихаттау 2015ж-25	%	25	25	25	26	26	Аудандық денсаулық сақтау ұйымдары
4	Нашақорлық және психотропты заттарға тәуелділіктің таралуы 2015ж-0,34	%	0,34	0,34	0,33	0,33	0,32	Аудандық денсаулық сақтау ұйымдары

Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету жолдары.

Денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзара іс-қимылдарды күшейту...

Дұрыс тамақтану бағытында , темекі ішімдік , нашақорлықтың зияны туралы тұрғындарды ақпараттандыру жұмысын күшейту.

Оқу орталығында лекциялар. Кинолекторлар , семинар-тринингтер өткізу.

Үкіметтік емес секторларда, мемлекеттік мекемелерде қызығушылықпен кеңейтілген масштаб көлемінде акциялар жүргізу.

Халықаралық есірткілік және заңсыз айналымымен күрес (26маусым) ,. Ішімдік қолданудан бас тарту күніне Республикалық акциялар (қазанның соңғы сәрсенбісі) , Темекіден бас тарту күні (қараша), Дүниежүзілік темекісіз күн(31мамыр) осыларға орай жыл сайын акциялар өткізіледі.

Республикалық бюджеттен қосымша мақсаттағы трансферттер бөлінген жағдайда индикаторлық деректер лрындалатын болады.

Міндет 4. Біріңғай Ұлттық денсаулық сақтау жүйесіндегі медициналық көмектің сапасы мен қол жетімділігін жоғарлату.

№	Индикаторлар, көрсеткіштер атауы	Бірл.	1кезең			2кезең		Жауапты атқарушы
			2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	ПМСП бірінші дәрігерлі-санитарлық көмек мамандықтардың жалпы санына 2015ж-100,0		100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	Қармақшы аудандық емхана
2	10 мың тұрғынға шаққанда төсек орындарымен қамтамасыз ету 2015ж-39,4		34,7	34,0	34,0	33,5	33,5	Қармақшы аудандық емхана
3	Медициналық қызмет сапасына халықтың қанағаттану деңгейі 2015ж-75,5		76,0	77,0	80,0	85,0	90,0	Облыстық денсаулық сақтау ұйымы
4	Амбулаторлы-емханалық мекемелерде дәрігерлерге келушілер саны1 тұрғынға шаққанда 2015ж-2,9		3,0	3,1	3,3	3,5	3,5	Қармақшы аудандық емхана

Дәрігерлік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін, қолжетімділігін қамтамасыз ету.

1. Дәрілерді бақылаусыз қабылдауды болдырмау үшін тек қана рецепт бойынша босатылатын дәрілер тізбесін ұсыну.
2. Денсаулық сақтау ұйымдарында ұлттық формулалық жүйені дамыту мен жетілдіруді жалғастыру.
3. Денсаулық сақтау ұйымдарында фармаколог, ішкі аудит қызметтері дәрілік заттарды ұтымды қолданылуына мониторинг және талдау жасауды қамтамасыз ету.

Алға қойылған мақсаттары мен міндеттерге жету жолдары.

1. Медициналық ұйымдардың фармакология мамандармен қажетті кадрлық жарақтандырылуы бойынша шаралар іске асырылады.
2. Дәрілік заттардың негізсіз пайдалануын болдырмау мақсатында тұрақты түрде мониторинг жүргізу.

3. Денсаулық сақтау ұйымдарында ұлттық формуларлық жүйені дамыту және жетілдіруді жалғастыру.
4. Елді мекендердің алшақ орналасуы мен табиғи климаттық жағдайлардан дәрілік заттар жеткізілім жүйесін қамтамасыз ету шараларын қабылдау.

Амбулаториялық емханалық қызметы бар

Қармақшы аудандық орталық аурухана бас дәігері:

Ж.Құдайбергенов.